

Қазақстан Республикасынан экспортталатын шикізат тауарларын кедендік жариялау және оларға салық салу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 6 қараша N 1461.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.05.13. N 431 қаулысымен

Шикізат тауарларын кедендік жариялау және оларға салық салуға қатысты Қазақстан Республикасының экспорттаушы кәсіпорындарынан түсіп жатқан сұрау салуларға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасынан шығарылған шикізат тауарлары Қазақстан Республикасының қосылған құнға салынатын салық жөніндегі есепте тұрған салық төлеушінің меншігі болып табылатын қайта өңдеу өнімдерін (дайын өнімдерді), кейін оларды ТМД елдерінен тысқары шығаратын етіп ТМД елдеріне өңдеу үшін шығарған жағдайда, ТМД елдерінен тысқары шығарылатын тауарлар экспорты үшін қарастырылған Қазақстан Республикасының кедендік режиміне ж а т а д ы д е п б е л г і л е н с і н .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.07.08.
N 848 қаулысымен. Р960848_

2. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті мен оның жергілікті мекемелеріне ТМД елдерінен тысқары одан әрі экспортталуға жататын дайын өнімді өңдеу үшін Қазақстан Республикасының кеден пункттері арқылы ТМД елдеріне өтетін жүктердің кеденде жариялануын жүзеге асыру тапсырылсын.

ТМД елдерінен тысқары шығарылған жағдайда Қазақстан Республикасында өндірілген шикізат тауарларынан жасалған дайын өнім және оның тауарлық ілеспе құжаттамалары Қазақстан Республикасының "ТМД елдерінің аумағында оқшаулау құқығынсыз" деген тиісті кеден белгісімен жабдыкталуы керек деп б е л г і л е н с і н .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы осы қаулының 2-тармағында қарастырылған кеден тәртібіне жататын тауарларға ТМД елдерінен тысқары шығарылатын тауарларды экспорттау кезінде көзделген тәртіпке қатысты салық салу базасын белгілеп, қосылған құн салығын алуға м і н д е т т е л і н с і н .

Бұл тәртіпті қолдану кезінде шикізат тауарларын экспорттаушы кәсіпорындар , құрамында Қазақстан Республикасында өндірілген шикізат тауарлары пайдаланылған, дайын өнімнің ТМД шегінен тысқары шығарылған фактісін растайтын құжаттарды тоқсан сайын салық органдарына тапсыруы тиіс. Аталған

тәртіппен қосылған құн салығын есепке алу жөніндегі ақырғы шешімді салық органдары бұл құжаттар берілген кезде қабылдайды.

Қазақстан кәсіпорындарының салық салу мұқтаждары үшін Қазақстан Республикасынан тауардың экспортталған фактісін растауды қажетті және жеткілікті шарттары мыналар болып табылады;

кәсіпорын орналасқан жердегі салық органына қазақстандық кәсіпорынның шетелдік фирмамен немесе Қазақстан Республикасының резиденті және ТМД елдерінің резиденті болып табылмайтын өзге де тұлғамен (бұдан әрі - шетелдік сатып алушы) экспорттық контрактіні толық көлемде беруі, онда соңғысының сатып алатын қайта өңдеу өнімдері (дайын өнім) ТМД елдерінен тысқары шығаруға арналғандығы, көрсетілуі тиіс;

Қазақстан Республикасының қосылған құнға салынатын салық жөнінде есепте тұрған салық төлеушінің өңделетін өнімдерді (дайын өнімдерді) ТМД елдерінен тысқары шығару жөніндегі кедендік жариялауының көшірмесі;

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығының 161-бабының 2-тармағына сәйкес салық органдары есептеме жүргізу немесе Қазақстан Республикасының қосылған құнға салынатын салық жөнінде есебінде тұрған салық төлеуші тілегі мен қосылған құн салығының сомасын қайтару туралы шешім қабылдайды. Мұнда қосылған құн салығының сомасын қайтару бюджетке салықтың осы түрі бойынша жалпы түсімнің есебінен жүзеге асырылады.

Осы қаулының күші 1995 жылғы 11 қазаннан кейін қалыптасқан құқықтық қатынастарға қолданылады деп белгіленсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа абзацтармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің

1996.01.31. N 130 қаулысымен. Р960130_

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.07.08.

N 848 қаулысымен. Р960848_

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі